

### Аймақ жаңалықтары

## Білімділер бас қосқан байқау

Кеше аймақта Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі Асқар Жұмаділдаевтың жүлдесіне арналған халықаралық жас математиктер байқауы басталды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймаққа арнайы келген конкурстың қазылар алқасы төрағасы Асқар Серқұлұлымен кездесіп, білім бәсекесінің жоғары деңгейде өтуіне тілектестік білдірді.

— Ең алдымен байқаудың жоғары деңгейде өтуіне қолдау білдіріп, атсалысып жүрген Сізге және Қазақстан Математика пәні мұғалімдері қауымдастығына шынайы ризашылығымды білдіремін. Байқауға еліміздің, сондай-ақ көршілес мемлекеттердің жастарын қатыстыруға мүмкіндік жасау туралы ұсынысыңызға сәйкес 2019 жылы тұңғыш рет халықаралық деңгейде өткізілді. Ал былтыр белсенді жастармен кездесу кезінде байқауды облыстық деңгейде және халықаралық сипатта өткізу туралы шешім қабылдадым. Бүгін міне, сайдың тасындай іріктелген дарынды жастар Сыр өңірінде ұйымдастырылған білімділер долдасына жиналды. Бұл дода жастардың білімін шыңдауға, өзара достық қарым-қатынас орнатуға зор септігін тигізеді деп сенемін, — деді аймақ басшысы.

Академик А.Жұмаділдаев облыс әкіміне іс-шараны өткізуге қолдау көрсеткені үшін алғыс айтып, туған жеріне деген ыстық ықыласын білдірді.

Айта кетейік, байқауға еліміздің барлық өңірімен қатар, Қырғызстан, Өзбекстан және Ресей мемлекеттерінен 1 700-ге жуық үміткерден өтінім тіркелген. Іріктелген 100 қатысушы байқауда бақ сынауда. Достүрлі байқау 2014 жылдан бері Қызылорда қаласының жас математиктері арасында өткізіліп келеді.

Бүгінгі таңда облыстағы 295 білім беру ұйымының 47-сі тереңдетілген жаратылыстану-математикалық бағытта оқытады. Барлық ұйымдарда 1 627 математика пәнінің мұғалімі жұмыс жасайды. Ғылым мен білімге жаны құштар жастар мен білікті мамандарды қолдау мақсатында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында алдағы 3 жылда облыста 15 100 орынға арналған құны 100 млрд теңгеден асатын 21 мектептің құрылысы жүргізіледі. Биыл 10 мектептің құрылысы басталады.

Мұнан бөлек Мемлекет басшысының қолдауымен, облыс әкімдігінің ұсынысына сәйкес Қызылорда қаласында 300 орындық жатақханасы бар, 400 орындық дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернатының құрылысы «Білімді қолдау қоры» қаражаты есебінен қаржыландырылатын мектептер құрылысы тізіміне енгізілді. Құрылыс құны — 7,9 млрд теңге. Осы тізімге облыс бойынша тағы 1 775 орынға арналған 4 мектеп құрылысын аяқтау енгізілді. Олар — №1011 Ә.Мүсілімов, №2 Абай, Жезқазған трассасы бойында 600 орындық және Шиегі ауданы Байсын ауылындағы 250 орындық білім ордалары. Құрылыс жұмыстары 2023-2024 жылдары аяқталмақ.

«ЖЖ» ақпарат

### Президент

## Экологияны жақсарту шаралары пысықталды

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ЖИЫНДА ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ СУ ҚАУІПСІЗДІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАСТЫРЫЛДЫ.

Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова экологиялық қауіпсіздіктің жай-күйі жөнінде баяндама жасады. Сондай-ақ бірқатар мемлекеттік орган басшылары мен өңір әкімдері жекелеген мәселелер бойынша есеп берді.

Президент отырыс барысында экологиялық қауіпсіздікке қатер төндіретін табиғи және антропогендік факторларға қарсы күрес аса маңызды екенін атап өтті.

— Соңғы жылдары көптеген елдің үкіметтерінің белсенділігі артты. Экологияны жақсарту, «жасыл» экономикаға көшу және көмірсутегі бейтараптығына қол жеткізу үшін батыл шешімдер қабылданып жатыр. Ұрпағымыздың дені сау болып, ауасы таза елде өмір сүргіміз келсе және мемлекетімізді бүкіл әлем мойындағанын қаласақ, біз олардан үлгі алуымыз керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы экология саласында шұғыл шешім қабылдауды қажет ететін проблемаларға баса назар аударды. Сондай-ақ ол Кеңес кезеңінен келе жатқан көптеген өндіріс орны, көмір жағатын электр станциялары мен қазандықтар экологиялық ахуалдың нашарлауына әкел соқтырғанын жеткізді.

Бұдан бөлек жиында қоршаған ортаны қорғауға үлкен жауапкершілікпен қарау жөнінде бірқатар мәселе көтерілді. Президент облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар басшыларының назарын рұқсат етілмеген жерлердегі қоқыстарды жою және қоқыс



өңдеу көрсеткіштерінің төмен екеніне аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыру нәтижесінде Үкіметке ұлттық экологиялық стандарттарды әлемдік стандарттарға сәйкестендіру, өндіріс орындарының зиянды шығарындыларын азайту, қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу, рұқсат етілмеген жерлердегі қоқыстарды жою және эрозияға ұшыраған жерлерді қайта қалпына келтіру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Қарағанды облысы Шет ауданындағы егістік алқаптарын қалпына келтіріп, мал шаруашылығын дамытуға қатысты пилоттық жобаның жүзеге асырылу тәжірибесін еліміздің өзге өңірлерінде қолдану мақсатында жан-жақты зерттеуге тапсырма берілді. Жиын барысында су қауіпсіздігі саласындағы қауіп-қатер деңгейінің артып келе жатқаны атап өтілді.

Мемлекет басшысы экономиканың

барлық саласында, әсіресе агроөнер-кәсіп кешенінде суды үнемді пайдалану және су шығынын азайту үшін жүйелі тәсілдер қажет екеніне тоқталды. Себебі тоғандардың және су ресурстары шығынының негізгі бөлігі осы ауыл шаруашылығы саласына тиесілі.

Су үнемдейтін технологияны енгізу және суды тиімді тұтынуды экономикалық тұрғыда ынталандыру шараларын дамытумен қатар, су шаруашылығы инфрақұрылымын, атап айтқанда, суды пайдалану мөлшерін есептеу, мониторинг жүргізу және болжам жасау ісін цифрландырудың өзектілігі артып келеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев су шаруашылығы нысандары жұмысының тиімділігін және бөлінетін қаржыны жұмсаудың ашықтығы мен нәтижелілігін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударды.

Президент Үкіметке экология мен су салаларындағы ғылыми және кадр-

лық әлеуетті күшейту үшін шаралар қабылдауды тапсырды. 2030 жылға дейін кезеңде су ресурстарын бағалау саласында мақсатты ғылыми-зерттеу жобалары жүзеге асырылады. Оның нәтижесі су саласын басқаруда ескеріледі.

Мемлекет басшысы күн тәртібіндегі екінші мәселені талқылау нәтижесінде сапалы ауысуудың қолжетімді болуы су қауіпсіздігінің басты көрсеткіші екенін атап өтті.

— Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету және су қорын келешек ұрпаққа сақтау үшін жан-жақты шаралар қабылдау — біздің тікелей міндетіміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиын соңында уәкілетті мемлекеттік органдарға ұлттық қауіпсіздіктің ең маңызды бағыты саналатын су қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде бірқатар тапсырма берілді.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

### Бағдарлама игілігі



## Сауда орталығы жұмысын бастады

ҚАЗІР КӘСІПкерлік саласын дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар жетерлік. Бастысы талап болса, ЕШКІМ ДЕ ҚОЛДАУДАН ҚҰР ҚАЛМАЙДЫ. БҮГІНДЕ ОЛ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ЖЕМІСІН БІР ҒАНА ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНАН БАЙҚАУҒА БОЛАДЫ. ҚҰАНТАРЛЫҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАР БҮГІНДЕ МҮНДАЙ МҮМКІНДІКТІ ҚҰР ЖІБЕРМЕЙ, КӘСІП АШЫП, ТАБЫСҚА КЕНЕЛУДЕ. ӨТКЕН ЖҰМАДА МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН ДӘУІМБАЙ ЕЛДІ МЕКЕНІНДЕ ТАҒЫ БІР САУДА ОРТАЛЫҒЫ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ.

Гүлмира Усорова — бұған дейін де сауда саласында еңбек етіп, кәсібінің несібін көрген нәзікқандылардың бірі. Аудан орталығындағы сауда орындарынан бір-екі бөлмені жалға алып жұмысын бастаған ол өз алдына ғимарат салуды көздеді. Алайда оған қаржы тапшылығы қолбайлау болған көрінеді. Кейін кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалы мамандарына өз жоспарын айтып, ақыл-кеңесіне жүгінеді. Самат Қарипов башылық ететін ұжым кеңт тұрғынына салаға серпін беретін түрлі бағдарламалар барын айтып, оның көмегіне жүгіну үшін құжаттарын жинауға да қолғабыс етеді. Осылайша ол қаржылай қолдауға ие болады, нәтижесінде кенттің көлесі бетінен жаңа нысан бой көтеріп, бүгінде «Али-Шах» сауда орталығы өз жұмысын бастады.

Иә, еліміздің әлем көшбасшыларының қатарына қосылу жолындағы мұраты айқын. Қол жеткізген жеңісі мен жетістіктері жетерлік. Мемлекет тарапынан нәтижелі жұмыспен қамтуды және жалпай кәсіпкерлікті дамытудың бағдарламасы аясында Жалағаш ауданының өзінде ауқымды жобалар іске асуда. Оған дәлел — Жалағаш кентіне қарасты Дәуімбай елді мекеніндегі «Али-Шах» сауда орталығы.

Жеке кәсіпкер Гүлмира Усорова былтыр Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының Жалағаш ауданындағы филиалына сауда орталығының құрылысын жүргізуге несие алуға өтініш білдірген. Аудандағы палатаның сүйемелдеуімен, «Қызылорда» өңірлік инвестиция орталығы» ЖШС-ның қолдауымен ғимараттың құрылыс жұмыстарына

8 млн теңге несие алады. Ғимарат құрылысы мен қажетті құрал-жабдықтарға 13 млн теңге қаржы жұмсалыпты.

— Біз кәсіп бастаймын, кәсібімнің көкжиегін кеңейтпеймін деген азаматтарды қашанда қолдауға әзірміз. Бүгін жұмысымыздың нәтижесінде ауданда тағы бір сауда орталығы жұмысын бастады. Мамандар аудан тұрғының ұсынысына құлақ түріп, оған бағыт берді, тіпті жобасын қоғауға да атсалыстық. Саланың серпін алғаны бәрімізге тиімді, біріншіден, кәсіпорындар елдің тұрмыс сапасын арттыруға қолғабыс болады, келесі кезекте өңірдегі жұмыссыздық мәселесін түсатуға да айтарлықтай көмек болары анық. Сондықтан біз іс бастаймын деген ниетті азаматтарға қашанда кеңес беруден, оларды сүйемелдеуден еш-

қашан шаршамаймыз. Бұл — біздің негізгі міндетіміз, — дейді палатаның аудандық филиалы директоры Самат Қарипов.

Сауда орталығының оң жақ бөлігі шаштараз, сол жақ бөлігінде киім-кешек, ғимараттың ортаңғы бөлмесінде азық-түлік дүкені орналасқан. Гүлмира Усорованың сауда орталығына құтты болсын, саудасының берекесін берсін, кәсібінің несібін көрсін деп қуанышына ортақтаасқан тұрғындар сауда орталығының алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

— Экономика тірегі — шағын және орта бизнес. Бүгінде кәсіп ашып, өзінің емес, елдің жағдайын жақсартуға тырысқан азаматтарға алғыс білдіремін. Жастар осындай кәсіпкерлерден үлгі алып, кәсіп бастаудан қашпай, мемлекет берген

мүмкіндікті тиімді пайдалануы тиіс. Көсіппен шұғылдану көз келгеннің қолынан келеді. Тәуекел етіп, белді бөкем буып, несие алып, кәсібінді деңгелентудемін. Жеке кәсіпкерлікті дамытуға үлкен жол көрсетіп отырған сала мамандарына, игі бастаманы қолдап, көмек көрсеткен барлық жауапты мамандарға алғыс білдіремін. Жастарға кәсіп ашуға, сол арқылы өз-өзін жұмыспен қамтуға кеңес беремін. Нарықтық қоғамда «жеміс піссе екен, аузыма түссе екен» деп жатуға болмайды. Мына қоғам жалқаулықты көтермейді. Мемлекет берген мүмкіндікті пайдалану қажет, — дейді жеке кәсіпкер.

Бұған дейін орталық базарлардың бірінде киім сатумен айналысқан аудан тұрғыны сауда орнының бір бөлігін осы бағытқа арнаған. Ал негізгі орталық бөлігінде азық-түлік өнімдері орналасса, келесі бөлігін шаштараз ашып, пайда табамын деген азаматтарға жалға беруді көздеп отыр. Қазірдің өзінде кәсіпкер 2 азаматты жұмыспен қамтыған.

Қазіргі қоғам нені көтермейді? Әрине жалқаулықты, «Алма піс, аузыма түс» деп бос сенделуді. Өйтпеске не істемек керек? Енді қараңыз, кәсіп ашу дегенде алдымен адамда қорқыныш басым болады.

«Бастай аламын ба? Қалай жүзеге асырамын?» деген сауалдан санасын арашалай алмайды. Мұндайда бізге жігер керек. Айқын мақсат пен нық сенім қажет. Одан соң мемлекет берген мол мүмкіндікті тиімді пайдаланып, сол арманның жүзеге асуына қарекет етуі тиіс. Ондай жандар Жалағаш ауданында жоқ емес.

Айта кетейік, ауданда кәсіпкерлік саласын дамыту бағытында қолға алынған жобалар өз жемісін беруде. Бұл сөзімізге дәлел келтіру үшін өңімінен өрден бастаудың қажеті жоқ. Мәселен, соңғы бір жылда ауданда жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны артып, есесіне жұмысын тоқтатқан кәсіпорындар азайған.

Бүгінде Жалағашта 3189 кәсіпорын тіркелсе, қазіргі таңда оның 96 пайызы жұмыс жасап тұр. Жұмысын тоқтатқан кәсіпорындарды қайта іске қосуға және жаңа кәсіпорындар ашуға бірқатар жоба қолға алынууда. Мәселен, биылдың өзінде жалпы құны 11 млрд 579 млн теңгесін құрайтын 21 жоба жұмысын бастайды. Нәтижесінде 106 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Брифинг

## Биыл 50 тұрғын үй салынады

**ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНДА АНА МЕН БАЛАНЫ ҚОЛДАУ, КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАУ МАҚСАТЫНДА 2021 ЖЫЛЫ 30 КӨПБАЛАЛЫ АНАҒА ЖЕҢІЛДІКПЕН АРЕНДАЛЫҚ ҮЙ БЕРІЛГЕН. ҚҰАНАРЛЫҒЫ, БҰЛ ЖҰМЫСТАР БИЫЛ ДА ЖАЛҒАСЫН ТАППАҚ. ЯҒНИ 2023 ЖЫЛЫ АУДАНДА ТАҒЫ ДА 50 АРЕНДАЛЫҚ ҮЙ САЛЫНАДЫ. БАҚ ӘКІЛДЕРІМЕН ӨТКЕН БРИФИНГТЕ АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ҒАНИ СҮЛЕЙМЕНОВ ОСЫЛАЙ ДЕДІ.**

Иә, қазақ халқы үшін отбасы – қасиетті ұғым, қастерлі құндылық. Отбасының бірлігі – Отанның беріктігі, ағайынның татулығы – атамекеннің тұтастығы, ұлттық тәрбиенің, адамгершілік пен имандылықтың бастау бұлағы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та «Әрбір отбасын сақтау – Отанымыздың берік болуының кепілі. Олардың әрқайсысына тұтастық пен татулықтың дәстүрін орнатуымыз керек» деген бастатын.

Айта кетейік, Жалағаш ауданында 1418 көпбалалы отбасы бар. Көпбалалы аналардың ішінде нағрадаталғандар саны – 978. Оның ішінде 40 ана І және ІІ дәрежелі «Ана Даңқы» орденімен марапатталса, 39-ы Кеңестер Одағының «Батыр ана» атағына ие болған. Ал 291-і – «Алтын алқа», 608-і – «Күміс алқа» иегері.

Спикер 2023 жылдың 4 айында аудандағы көпбалалы нағрадаталған аналарға 86,6 млн теңге, көпбалалы отбасыларға 351,3 млн теңге мемлекеттік жәрдемақы берілгенін айтады. Сондай-ақ ол мұны аудандағы барлық аналарға көрсетілген көмек деп есептейді.

– Ауданда ардагерлер спартакиадасы, отбасы, бала тәрбиесіне қатысты көшпелі семинарлар, тәрбиелік маңызы бар шаралар, кездесулер тұрақты түрде өткізіліп келеді. Елімізде отбасы құндылықтары мен қазақ үшін қашан да киелі саналатын бір шаңырақ астында берекелі өмір сүрудің маңыздылығын насихаттауда орны ерекше тағылымды шаралар – «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы. 2014 жылдан бастау алған бұл байқауға облыс бойынша 1700-ге жуық отбасы өтінім беріп, оның 178-і қатысуға жолдама алса, аудан бойынша 73 отбасы өтінім беріп,

облыстық кезеңге 22-сі жолдама алды. «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының облыстық іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша 2016 жылы Мәдениет ауылынан Мұстафаевтар отбасы І орын, Жалағаш кентінен Сүлейменовтер отбасы ІІ орын, 2017 жылы Аққыр ауылынан Ғаниевтар отбасы І дәрежелі дипломмен марапатталып, «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының Астана қаласында өтетін республикалық кезеңіне жолдама алса, Бұқарбай батыр ауылынан Нұрмағанбетовтер отбасы ІІІ орын иеленді. 2018 жылы Мәдениет ауылынан Тоқсановтар отбасы ІІ орын, 2019 жылы Бұқарбай батыр ауылынан Сәменовтер отбасы «Парасатты отбасы» номинациясымен, 2021 жылы Аққұм ауылынан Шуақбаевтар отбасы ІІІ орын, 2022 жылы Аққыр ауылынан Маштаевтар отбасы ІІІ орын, Еңбек ауылынан Бекниязовтар отбасы «Берекелі отбасы» номинациясымен және арнайы жүлде қорымен марапатталды, – деді Ғани Кенжеғараұлы.

Айта кетейік, биыл аймақта 9-шы мәрте дәстүрлі түрде «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы өтеді. Жалпы, байқау 3 кезеңнен тұрады. Бірінші кезең 15 мамырдан 15 маусымға дейін жүргізіледі. Онда аудандық іріктеу болады. Конкурсқа іріктеу 15 мамырда басталып, республикалық деңгейде қорытындыланады. Ұлттық құндылықты үлгі етер отбасылық сайысқа Жалағаш ауданынан да бірқатар отбасы қатысады.

Жалағаш ауданында 15 мамыр – Халықаралық Отбасы күнінің шаралары 11-15 мамыр аралығында 20-ға жуық шара өтті. Тарқатып айтсақ, 11-15 мамыр аралығында «Мерейлі отбасы»



ұлттық конкурсының әр жылдардағы финалистерінің қатысуымен білім беру ұйымдарында отбасылық құндылықтарды, қазақстандық отбасының оң имиджін насихаттау бойынша кездесулер, білім беру ұйымдарында «Менің отбасым» балалар суреттерінің конкурсы және ата-аналарға балалар тәрбиесіндегі жауапкершілік туралы құқықтық оқыту, кеңестер, кездесулер, тренингтер, медициналық мекемелерде отбасын жоспарлау мәселелері бойынша «Ашық есік» күні және медициналық мекемелердегі «Денсаулық бұрыштарында» арнайы стендтер қойылды. Ал 12 мамыр күні оқушылардың сабақ барысы, мәдени іс-шараларға қатысуы мен қызығушылығы сынды тақырыптар аясында ой бөлісу мақсатында жалпы ата-аналар жиыналысы ұйымдастырылды. Сол күні жас отбасылармен «Отбасы – өмір аясы» тақырыбында блиц-сурақ өткізілді.

Сондай-ақ сөнбілік аясында Халықаралық отбасы күніне орай отбасылардың ағаш отырғызу акциясы өтті. Бұл шара отбасының беріктігін одан әрі нығайтуға септігін тигізгені сөзсіз. Мұнан бөлек аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлының қатысуымен көпбалалы аналарға «Алтын алқа», «Күміс алқа» медальдарын табыстау және әр жылдары «Мерейлі отбасы» байқауында жеңімпаз атанған отбасылармен кез-

десу, аудандық перзентханада босанған аналарды құттықтау, «Отбасы – сыйластық, жарастық орнаға орта» тақырыбында қолөнер және суретшілер көрмесі, «Отбасым – алтын ұям» атты көңілді ойындар сайысы, «Отбасындағы бала тәрбиесінде ата-ананың рөлі» тақырыбында ата-аналармен кездесулер ұйымдастырылған. Бұдан бөлек аудандық қоғамдық даму бөлімі арқылы аудандық «Жалағаш жаршысы» газетіне, әлеуметтік желідегі ресми парақшаларға ақпараттық имидждік жұмыстар да тұрақты жүргізілуде.

– Бақытты отбасы – табысты мемлекеттің езегі. Барлық аудан тұрғындарын бүгінгі мерекемен құттықтаймын. Отбасыларыңыз аман болсын. «Отбасының жемісі – тәрбиелі ұл мен қызы» деген мақтан етер ұрпағымыз көбейсін. Ұрпағына мақтаныш болар қазыналы қарттарымыз көп болғай. Қазақтың әр отбасының көрегесі кең, шаңырағы берік, еліміз амаң жұртымыз тыныш болсын, – деді спикер.

Брифинг соңында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов БАҚ өкілдерінің «Аудандағы көпбалалы отбасыларға алдағы уақытта қандай көмек болады, биыл қанша отбасына арендалық үй беріледі?» деген сауалдарын да жауапсыз қалдырмады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

## Тәрбие – тал бесіктен

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген нақыл сөз бар. Бір ауыз сөз елдің санасы сонау бесік тәрбиесімен байланысы зор екенін айтады. Қазақ даналығының алтын қазынасы тіл мен тәрбиеде жатқаны анық. Ғасырлар бойы қазақ жұртының өмірден алған тәжірибесі, ұлттық құндылықтар бүгінгі ұрпаққа берілген мол мұра. Енді сол ұлтқа тән барлық құнды құндылықтар мен мол мұраларымызды дәріптеп, келешекте де желісін үзбейтіндей дәрежеге жеткізу, ұлттық болмысымызды айқындайтын ерекшеліктерімізбен ұрпақтың санасын тәрбиелеу, оларды бойға сіңіру бүгінгінің өншісіндегі іс. Әсіресе атам заманнан басты мәселе саналған ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлудің маңызы зор. Бұл тұста заманның талабына сай көшке ілесемін деп, нанталап тірлікпен бала тәрбиесінен кешеуілдеп қалудан, байланысты үзіп алудан сақ болу қажет.



Әрине, бала тәрбиесінің толықтай берілетін орны – отбасы. Ал сол отбасы – киелі ұғым, ол әрбір адам баласының кішігірім Отаны. Отбасы – өмірдің мағынасы, мәні. Сондықтан қазақ халқы қашанда отбасы беріктігі мен шаңырақтың шайқалмауын жоғары қойған. Қазіргі таңда көз алдымызда орын алып жатқан келеңсіз жағдайлардың көбі жасөспірімдердің бақылаусыз қалуынан болуда. Бұған талас жоқ, өйткені баланы бақылап, үнемі онымен байланыс орнатып отырмасаң еркіңсіп кетеді. Кей бала тоқшылықтан түрлі құқық бұзушылықтарға барса, кейбірі жокшылықтың салдарынан өз өмірлерін қиындатып жатады. Бірақ қоғам мұны ата-ана мен баланың арасындағы байланыстың үзіліп қалуынан десе, кей ата-ана мектептегі ұстаздардың тәрбие берудегі салғырттығына теліп қоя салады. Алайда бала әуелі ата-анасы үшін керек, ата-анасы үшін баға жетпес байлық. Сондықтан әрбір ата-ана төл перзентінің болашағын ойлайтын болса, ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайтып, мейірім мен қаталдықты таразының басындай тең ұстауы тиіс. Әсіресе жасөспірімдердің өтпелі кезеңіндегі алып-ұшып тұрған көңілің, құбылмалы мінезін және қысық әрекеттерін жақсыға жеңдіруге тырысуы керек. Баланы осы өтпелі кезеңнен амаң, жүріс-тұрысын түзу, мінезін келісті етіп алып шығар болсақ, әр қарай өз-өздеріне иелік ете алатындай жағдайға жетеді.

Мектеп қабырғасында балалардың білім алуына ұстаздары еңбек етсе, тәрбиені бойларына сіңіруіне ұстаздармен қатар ата-аналар да жауапкершілік жүгін сезінуі керек. Бұл ретте әрине ата-аналар бейқам демейміз. Өйткені қазірдің өзінде әрбір мектеп жанынан құрылған ата-аналар комитеті бар. Олар балалардың тәлімі мен тәрбиесін толықтыру мақсатында жүйелі жұмыс істеп келеді. Кеше осы ата-аналар комитетінің жұмысын жүйелендіру, жандандыру бағытында «AMANAT» партиясы Жалағаш аудандық филиалында «Бала тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігін арттыру – басты мақсат» тақырыбында кездесу өтті.

Жиында «AMANAT» партиясы Жалағаш аудандық филиалының Атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева төрағалық етті. Аталған шараға аудандық білім бөлімінің басшысы, «Дарын» БПҰ төрағасы Талғат Садықов, аудандық Жастар ресурстық орталығының директоры, «Жастар» БПҰ төрағасы Нұржан Амандық, аудандағы білім ордаларындағы ата-аналар комитетінің төрағалары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қатысты.

Жиынның негізгі мақсаты – ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін нығайту, балалардың жазғы демалыс уақыттарын тиімді пайдалану, жат қылқатардан сақтап, тәрбиеге баулу, жас ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды қалыптастыру болса, білім ұйымдарының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына ата-аналармен бірлесе отырып жазғы мектепті еңбекке бағыттау мәселесі қоса талқыланды. «Жалпы ұрпақ тәрбиесіне дана халқымыз қашанда бей-жай қарамағаны белгілі. Балаға жақсы тәлімді де парасатты тәрбие беру – ата-ананың парызы. Сондықтан қазіргі заманда жас жеткіншектеріміздің үлкенді сыйлау, ұлттық дәстүрімізді білу оны күнделікті өмірде қолдану және еңбекке баулуымыз қажет», – деген Қаншағұл Шонмұрынқызы баланың тұлға болып қалыптасуына ең алдымен ата-ана жауапты екенін де жасырмады.

Расымен, тәрбиенің өзегі – бала бойына адамгершілік пен рухани құндылықты сіңіру. Құнды қасиеттерді бойына сіңіру, рухани дүниесі жетілген адамды қалыптастыру туған кезінен басталуы керек дейді халық даналығы. Ағаш тұзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оған көмектесе алмайсың. Баланы тәрбиелеу де осы секілді ерте жастан басталса, жемісін береді. Балаға жас кезінде әсер ететін құбылштар әртүрлі болғанмен, оларды тәрбиелеуші, әрине ата-ана.

– Бүгінгі жас – ертеңгі ел болашағы. Бала тәрбиесіне салғырт қарамау үшін ұстаз да, ата-ана да атсалысуы керек. Әсіресе салмақтың ата-аналарға түсетінін ескеруге тиіспіз. Мектеп жиындарына да ата-аналар белсенді қатысып, балаларының білім деңгейін, жақсы әдеттері мен көмшін тұстарын жете қадағалап отыруы көптеген мәселенің алдын алуда септігін тигізеді. Біз ата-аналар комитетімен бірлесе отырып, алдағы жазғы демалысты тиімді ұйымдастыруды қолға аламыз. Балалардың әрқес бақылауда болуы үшін жұмыс жасап, түрлі құқық бұзушылықтардың алдын аламыз. Еңбекке баулимыз, қайырымдылық шараларының маңызын түсіндіреміз, жалпы баланың керексіз іспен айналысуына уақыт қалдырмаймыз. Бұл ретте ата-аналар – өздеріңіздің көмектеріңіз ауадай қажет екенін айтқым келеді. Баршамыз бірігу арқылы біз саналы ұрпақ, сапалы білім, тәрбиелі қоғам қалыптастырамыз», – деді Талғат Садықов.

Мұнан бөлек аудандық Жастар ресурстық орталығының директоры, «Жастар» БПҰ төрағасы Нұржан Амандық та жастар арасында аудан орталығындағы атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, жастарды кітап оқып, пайдалы істермен айналысуына жастар орталығының да жұмыс жасайтынын жеткізді. Жиын барысында «AMANAT» партиясы Жалағаш аудандық филиалының Атқарушы хатшысы Қаншағұл Шонмұрынқызы ата-аналар комитеті мен мүшелерін белсенділігіне, ұйымдастырушылық қабілетіне қарай отырып қайта жасақтауды, апта сайын ата-аналар комитетінің ұйымдастыруымен жұмыс жоспарын жүйелеп, шара өткізуді ұсынды. Кездесуге жиналған ата-аналар комитетінің төрағалары мен мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары өз ойларын ортаға салды.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

### Мерейлі отбасы



**Отбасы – кіші мемлекет. Өйткені мемлекет сол отбасыдан құралады. Ал сол әр отбасының шаңырағының биік, іргесінің беріктігі ондағы әрбір мүшесінің өз міндетін орындап, терең түсініктері арқылы үйлесім тауып күн көшудің. Отбасының бірлігін, шаңырақтың шаттығын бірінші орынға қоятын ақилы келіскен ана мен түздің тірлігін түзеп жүрген әкеден енеге алған ұл-қыздың да иба мен инабаттымен, тәрбиесі мен тәлімімен көз сүйсіндірері анық. Ата-ана үлгі, ұл мен қыз тәрбиемен сусындап тұрған шаңырақтың бақыты баянды, береке-бірлігі де жарасымды боларын қоса кету керек. Ал қоғамның тұрақтылығы әр отбасындағы тыныштықтан басталады.**

## Тұрақтылық отбасындағы тыныштықтан басталады

Өнегесімен көпке үлгі қыларлықтай, өсіп-өніп, саялы бәйтерекке айналған отбасылар көп-ақ. Олардың осындай күнге жетуінде, әрине қазыналы қарттардың қажыр-қайраты, пайым-парасаты жатыр. «Әке көрген оқ жоңар, шешке көрген тон пішер» деген халықтың бүгінгі ұрпағы да отбасы деген қасиетті мекеннің қадірін қашырмауға тырысып келеді. Тіпті отбасында, ошақ қасында үйдің үлкендерінен көрген-білгенін бойына сіңіріп, отбасылық құндылыққа айналдырып жүрген әр азаматтар да, өзі түскен елдің көрегесін алтыңға балап жүрген келіндер де бар. Мұндай жас отбасылардың бірі – Бұқарбай батыр ауылында тұрады. Бір қызығы, бұл отбасы тәртіп сақшыларынан құралған. Олардың өмірлерін бір арнада тоғыстырған осы жұмыс. Осы мамандыққа деген сүйіспеншілік екі жасты бір көзқараспен, бір мақсатқа жұмыс жасап, бір мүддені көздеуге, бір арманға қадам басуға талпындырды. Бұған дейін қасиетті қара шаңырақтың түтінін түтетіп отырған мерейі тасып, берекесі артқан отбасының шаңырағына бас сұғып, отбасы құндылықтары туралы сөз еткен едік. Сол кездің өзінде отбасындағы үйлесімділік пен жарасымдылыққа куә болған болатынымыз.

Осы ауылдың тумасы Олжас Садықұлы Шымкенттегі Заң университетінде жоғары білім алыпты. Бала кезгі армандары жетелеген қос жас осы жоғарғы оқу орнында білім алып, кейіннен Қызылорда қаласындағы мамандандырылған күзет қызметі басқармасында алғаш рет біліктіліктерін арттырады. Шиелі ауданы, Тартоғай ауылында дүниеге келген Қаршыға Әбуқадыр осында жұмысқа орналасады, ал жолдасы Олжас

Садықов аудандық полиция бөлімінде жедел тергеу тобында техник-криминалисті болып қызметін бастайды.

«Жолдасым екеумізде ішкі істер саласында қызмет жасаймыз. Жұмыстың ауыры, жеңілі болмайды. Әр қызметтің өзіне тән ерекшелігі, қиындығы мен қызығы қатар жүреді. Әрине полиция бөлімінде ерлермен қатар қызметте жүрген соң, барлық жауапкершілікті де ерлермен бірдей көтеруге тырысамыз. Өйткені біздің қызметтегі негізгі міндет қоғамның тыныштығы, тәртіптің тұрақтылығы. Осы жолда қызмет етеміз, күні-түні тәртіпті күзетеміз.

Бірақ осындай қиындықтарға қарамастан, жолдасым екеуміздің арасымызда ешқандай түсініспеушілік болған емес. Себебі біз жұмысымызды түсінеміз, екеумізде осы салада жүргендіктен бір-бірімізге ауырлық түсірмеуге тырысамыз. Мен өзім қазір балаларымыздың күтімі, анамыздың жағдайының жақсы болып, шаңырағымыздың әрқашан берекелі болуы үшін келіндік қызметімді де мүлтіксіз атқаруға күш саламын. Өйткені мен өзімді ең алдымен ана, келін ретінде есептеп, отбасымның ұйтқысы болуға талпынамын» дейді Қаршыға.

Иә, расымен бүгінде полиция қызметкерлерінің қатарынан нәзікжандарды көру таңсық дүние емес. Өйткені қазір қай салада болмасын әйел адамдар бұл көрсетіп жатады. Тіпті уақыт өткен сайын тәртіп сақшысы мамандығын жетік меңгерген қыз-келіншектердің қатары артуда. Қоғам тыныштығын күзету, оны асқан жауапкершілікпен атқару оңай емес екендігі бәрімізге белгілі. Бұл сала ішкі істер

органы болғасын ерлер немесе әйелдер деп бөлінбейді. Ереже, тәртіп бәрине бірдей. Осындай қырағы жандардың қатарындағы Қаршыға да жұмыс пен отбасының жауапкершілігін қатар арқалап жүрген жан. Ол облыстағы мамандандырылған күзет қызметі басқармасының полиция батальонының полиция аға сержанты. Ал Олжас Садықұлы бүгінде аудандық полиция бөліміндегі криминалдық полиция бөлімшесінің жедел уәкілі болып жұмыс жасайды. Олжаспен сұхбаттасып отырып, оның өз ісіне берілгендігіне, көсібілігіне күмәнші болмайды екен. Жедел тергеу тобындағы жұмыстың жауапкершілігінің өте ауыр екенін айтқан ол, тіпті бірнеше күн қатарынан қызмет бабымен сыртта жүретінін жеткізді. Аудандағы үлкен, кіші қылмыстарды дер кезінде ашу, қылмыскерлерді ізін суытпай анықтау тәртіп сақшыларының қырағылығына тікелей байланысты деген көйпкеріміз ең бастысы халықтың амандығы дейді.

Шаңырақтың бірлігі мен шаттығын келістіріп отырған жас жубайлардың қызметі қаталдық пен қатаң тәртіпті талап еткенімен, өздері күнделікті өмірде жайдары, жаны жаз жандар екенін байқадық. Тіпті есік алдындағы шағын еңіжайында түрлі жеміс ағаштары, түрлі бау-бақша өнімдері көзге түседі. Бәрінен бұрын алдымыздан иіліп сәлемін беріп жүгіріп шыққан осы үйдің келіні ауылдың, ауыл тұрғындарының кеңпейіл болмасы мен қонақжай қалпын есіңе салатын киелі қара шаңырақтың берекесін айшықтап тұрғандай болды. «Осы қызметке келгендіктен, абыроймен атқаруға, халыққа пайдалы іс жасауға, тәртіптің орнауына күш саламыз. Жұмысымызды абыроймен

Нұр НАУАН





# Сот жүйесіндегі елеулі оқиғалар

Қазақстан тәуелсіздіктің бесігінде төрбеліп жатқанына 30 жылдан асты. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемде жеке дара дербес ел екенін дәлелдей білді. Өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, Ата Заңы мен мемлекеттік рәміздері, ұлттық құндылықтары бар тәуелсіз елге айналды.

Тәуелсіз ел дамуының әр кезеңі сот билігінің қалыптасу тарихында маңызды рөл атқарды. 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданып, елде мемлекеттік биліктің заңнамалық деңгейде: заң шығарушы, атқарушы және сот билігіне бөлу қағидадары енгізілді. Содан бері сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған маңызды заңдарды қабылдау, шығару жұмыстары кеңінен жүргізілді.

Сот жүйесінің тәуелсіздігі қағидадарының негізгі кепілдіктері Конституцияда қаланды. Осының негізінде Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Сот жүйесінде түбегейлі өзгерістер орын алып, мемлекеттік биліктің дербес тармағы – соттың іргетасы қаланды.

Өткенге көз жүгірсек, 1991 жылы мемлекеттік тәуелсіздігін жариялағаннан кейін басталған саяси, әлеуметтік және экономикалық қайта құру процесі негізінде елімізде ұлттық құқықтық жүйе қалыптасып, сот жүйесінің реформасы жүргізілді. Егеменді елдің сот саласында түбегейлі өзгерістер орын алып, мемлекеттік биліктің дербес тармағы – соттың іргетасы қаланды. Сот уақыттан басталған реформа кезең-кезеңімен заң-ережелер, бағдарламалар, халықаралық тәжірибе және сарапшылардың талқылауымен жетілдіріліп келеді. Қызылорда облыстық соты да Сот төрелігін тәуелсіз де бейтарап және әділетті жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында, қылмыстық сот ісін жүргізуіне алқабилер институты енгізілді, тұтқындауға санкцияны соттың беруі бекітілді, экономикалық, әкімшілік, әскери, көмелеттік жасқа толмағандар, аса ауыр қылмыстық істерді қарайтын мамандандырылған соттар құрылып қызметін бастады. Сол уақыттан басталған реформа кезең-кезеңімен заң, ережелер, бағдарламалар, халықаралық тәжірибе және сарапшылардың талқылауымен жетілдіріліп келеді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы судьяларының VIII съезінде жасаған баяндамасында сот төрелігінің әділ және заңды жүзеге асырылуына мемлекет те, бүкіл қоғам да мүдделі екенін атап өтіп, алға қойған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін бірқатар басымдықтарды айқындады. Сонымен қатар адам құқықтары мен заң үстемдігін қамтамасыз етуді бірінші міндет

ретінде атап көрсетті. Әділ сот төрелігі және азаматтардың сот билігіне деген сенімін арттыру міндетті шарт болу керек екені, сондай-ақ кәсіби судьялар корпусы барынша сот реформаларының шешуші факторы екеніне баспа назар аударды. Барша міндеттерді тиімді шешу арқылы сот жүйесіндегі оң өзгерістерге қол жеткізуге болатынын және азаматтардың сотқа деген сенімі арта түсетінін атап өтті.

Бүгінде құрылғанына 85 жыл толған облыстық сотта да жаңа технологияларды қолданудың көмегімен сот қызметі ашық, жедел қолжетімді бола түсті. Сот мәжілісі залдары түгелдей аудио және бейне жазба құрылғыларымен жабдықталып, сот отырыстары түгелдей дыбыс-бейне жазба құрылғыларын қолдану арқылы өткізілуге көшті. Жаңа технология азаматтардың сотқа келуін міндеттемей, арыз-шағымын «Сот кабинеті» арқылы үйінен, кеңсесінен шықпай-ақ жолдауына жол ашты. Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі енгізіліп, сот ісін жүргізуде заманауи бағдарламалық өнімдер пайдаланылып, ақпараттық технологиялар арқылы халыққа көптеген ақпараттық қызметтер көрсетіліп, сот жүйесінің тиімділігін, қолжетімділігін және ашықтығын азаматтардың сот жүйесіне деген сенімділігін одан әрі арттыруға қажетті жағдайлар жасалған. Осылайша Тәуелсіздік жылдарында аймақтағы сот жүйесі бірқатар өзгерістерді өткізіп, жылдан жылға даму үстінде.

Сот жүйесінің одан әрі дамуы 2000 жылғы 25 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның қабылдануына орай жаңа қарқын алды. Конституциялық заң сот құқықтық реформасының кезекті кезеңіне жол ашты. Заңда республикадағы сот құрылымының принципті жаңа нормалары, соттардың қызметін ұйымдастыру тәртіптері белгіленді. Атап айтқанда, Жоғарғы Соттың шаруашылық және азаматтық істер жөніндегі алқалары біріктіріліп, әскери алқасы таратылды, мұның өзі іс жүргізу заңнамасында қарастырылғандай, сот ісін жүргізуді белгілі бір ізге түсіруге мүмкіндік берді.

Судьялардың тек сот төрелігін жүзеге асыруын, сотқа тән емес қызметтермен соттардың айналыспауын қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасы сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы» 2000 жылғы Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет құрылып, соттардың қызметін және атқарушылық іс жүргізуді қамтамасыз ету функциялары Әділет министрлігінен алынып, осы Комитетке берілді. Комитет пен облыстардағы соттар әкімшілері ұйымдық, қаржылық және материалдық-техникалық функцияларды орындай отырып, жергілікті соттардың жергілікті атқарушы билік органдарынан тәуелсіздігін қамтамасыз етті.

2002 жылы сот жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған мемлекеттік құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдамада сот жүйесін жетілдірудің, судьялардың тәуелсіздігін нығайтудың негізгі критерийлері тағы да айқындалды. Сот жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында экономикалық, әкімшілік, ювеналдық (көмелетке толмағандар ісі бойынша) және басқа да арнаулы соттар институтын дамыту мәселесін қарастыру, сондай-ақ азаматтық-құқықтық дауларды шешудің балама әдістерін, мысалы, аралық соттардың қызметін заңмен реттеу, оларды халықаралық стандарттарға жақындау отырып, қарастыру көзделді. Аталған тұжырымдамаға сәйкес, Президенттің Жарлықтарымен мамандандырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттар, көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құрылды.

Жалпы алғанда, соттарды мамандандыру азаматтардың құқықтарын қорғау шегін кеңейтуге мүмкіндік берді. 2006 жылғы 16 қаңтарда «Алқабилер туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар қабылданып, аса ауыр қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық істерді қарауға алқабилердің қатысуы қарастырылды. Сонымен қатар, азаматтық құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды шешудің баламалы әдістерін енгізу мақсатында 2004 жылғы 28 желтоқсанда «Аралық соттар туралы» және «Халықаралық коммерциялық тәрелік туралы» заңдар қабылданды. Бұл заңдар дауларды соттан тыс шешу тәртібін қарастырды.

2007 жылғы 21 мамырда Қазақстан Республикасының Конституциясына түзетулер енгізудің нәтижесінде Қазақстанның сот жүйесі азаматтардың құқықтарын қорғаудың қуатты тетігіне, соның ішінде қамауға алуға соттың санкция беру құқығына ие болды. Сот жүйесінің жұмысын және сот төрелігін іске асыруды реттейтін жаңа заңдар топтамасы қабылданды. «Қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен Қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгерістер енгізіліп, қамауға алуды санкциялауды соттың ерекше құзырына беру қарастырылды.

2008 жылғы 17 қарашада «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі республиканың сот жүйесі үшін маңызды оқиға болды. Осы заң сот ісін жүргізудің үш буынды жүйесінің негізін қалады. Сонымен қатар, 2009 жылғы 10 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданып, 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап сот ісін жүргізудің үш буынды жүйесі іске қосылды. Осы заңға сәйкес, аудандық сот – бірінші сатыдағы сот, облыстық сот – апелляциялық және кассациялық сатыдағы сот, Жоғарғы Сот – тек қадағалау сатысының соты ретінде жұмыс істей бастады. Өзге де бірқатар оң өзгерістер жасалды. Міне, осылайша, жаңа турпатты сот жүйесін құру жөніндегі міндет бүгінгі таңда өз шешімін тауып, сот органдары елімізде заңдылық пен тәртіпті нығайту бағы-

тында ауқымды жұмыстар жүзеге асты.

Одан кейінгі жылдары Ұлт жоспарының 12 қадамы бірдей (16-27-қадамдар) сот институтына арналуының өзі бұл салаға айрықша көңіл бөлінгенін нақты дәлелі болса керек. Еліміздегі бүкіл сот жүйесі осы Ұлт жоспарына сәйкес сот төрелігінің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін бес сатылы жүйеден оңтайлы үш сатылы жүйеге көшу, судья лауазымына біліктілік талаптарын күшейтуді, барлық сот процестеріне бейне және таспаға жазу шараларын міндетті түрге енгізу, судьялардың есеп беру тәртібін күшейту, алқа билер сотында қолданылатын салаларды кеңейту, сотта айыпталушы мен қорғаушы арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету, ірі инвесторлар қатысатын дауларды қарау үшін инвестициялық алқа ұйымдастыру бағытында нақты қадамдар жасап, халықтың сотқа деген сенімін күшейтті.

Жоғарғы Сот – еліміздегі сот жүйесі қызметкерлеріне мейлінше ашық, анық үндеу жариялап, барша қазақстандықтардың, бизнес өкілдері мен инвесторлардың және бүкіл әлемдік қауымдастықтың сотқа деген сенімін жоғарылату міндетін алға қойды. Осындай мақсаты айқын міндеттердің нәтижесінде қазір сот саласы, оның ішінде облыстық сот уақыт талабына сай жаңа деңгейге көтерілді. Қара қылды қақ жарған көшегі билердің бүгінгі ізбасарлары дауды оңтайлы шешуге де атсалысып, араздасқан ағайынды татуластыруға, ел бірлігін нығайту бағытында да өзіндік үлес қосып келеді. Сот судьялары мыңдаған адамның тағдыры мен дауын шешіп, олардың құқығы мен бостандығын қорғау жолындағы жанкешті еңбектің нәтижесінде халықтың сотқа деген сенімі нығайды. Бүгінгі күні сот жүйесінің ашықтығы мен қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында «Төрелік», «Дыбыс-бейнежазба» сынды бағдарламалар енгізілгендігі атап өтуге болады. Жоғарыда атап өткендей осы қолданылып жүрген сот процестерінің аудио және бейне тіркеуінің жетілдірілген жүйесі үшін мәнісінде, сот төрелігі ашықтығымен қамтамасыз етудің ғаламат құралына айналды.

Сотта жариялылықты шектеуге жол берілмейді және барлық мүдделі адамдар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сот отырысы залына еркін кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілген. Жеке тұлғалар және олардың өкілдері, заңды тұлғалардың өкілдері («Сот кабинетінде» орналастырылған электрондық нысандарды толтыру арқылы электрондық құжаттарды сотқа ұсынуға құқылы. Бұл үшін көрсетілген адамдар «Сот кабинетіне» тіркелуі қажет. «Сот кабинетіне» тіркелген адам электрондық құжаттарды беру сервисінің пайдаланушысы болып табылады.

Сот залына кірген судья бір сәтке ағайын-туыс, жора-жолдас атаулыны ұмытып, тек заңға ғана бағынып, ар-ұятына ғана жүгінуі керек. Данышпан Абай: «Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы», – деген екен. Ендеше сот үшін бұжымайтын ереже ар-ұяттан, адамшылықтан аттамау – біздің басты ұстанымымыздың бірі. Ар-ұятпен бірге айтылатын тағы бір қасиетті ұғым – ар-иман. Тағы сол Абай атамыз айтқандай: «Иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек». Себебі бізге келген кісілер «мен әділет ішін келдім, ол жерде мені күтеді, түсінеді, қабылдайды, мәселемді әділ шешеді» деп келеді. Сондықтан біз осындай құрмет пен сенімді ақтап, өз қызметімізді тиісті дәрежеде атқару, халықтың сотқа деген сенімін арттыру біздің басты міндетіміз һәм парызымыз десек те артық айтқандық емес.

Шыңыңда дөң қазір Қазақстандағы сот жүйесінің ашықтығына еш күмән жоқ. Айыпталушыға сот шешімі немесе судьяның үкімі шыққанға дейін қарапайым халық мұның барлығын көріп отырады. Айыпталушы немесе күүгер қалай жауап беріп, одан қалса, судья іс процесін қалай жүргізіп отыр, мұның барлығын қарап отыруға мүмкіндік бар. Сондықтан

да судьяның әділетсіз шешім шығарып, істі бұрмалауына еш негіз жоқ. Оның үстіне қазіргі уақытта сот залындағы процестердің барлығы да аудио және видеотаспаларға жазылып алынады. Бұл соттың айқындылығы мен ашықтығын шынайы түрде көрсетеді. Өйткені біз қоғам дамыған уақытта өркениет жетістігінен көш кері қалмауымыз қажет.

Сонымен бірге «Сот төрелігінің 7 түйіні» атты жаңа бағдарламалық құжат әзірленді. Бұл анығын айту керек, сотқа төрелік ететін мамандардың жүздеген ұсыныстарынан кейін барып Жоғарғы сотқа қабылданған құжат десе де болады. Осы құжаттың негізінде соттың даму бағыты айқындалған. Ал «7 түйін», ол не десеңіз айтайың: «Әділ нәтиже», «Е-СОТ», «Үлгілі сот», «Сапалы нәтиже», «Оңтайлы орта», «Мінсіз судья», «Сотсыз татуласу орталығы». Аталған жеті бағыт бұл – сот саласындағы соңғы жылдары жасалған өте жемісті және ауқымды реформа. Судьялар әрбір істі тиянақты қарайтын болды, олардың жауапкершілігі артты. Осыдан кейін сот төрелігіне сенім күшейді.

Бұрынғы кезде сотқа шағым түсірген сәттен бастап, істің барлығы да қаралатын еді. Бұл өз кезегінде судьяларды жұмысын ауырлатып, істі қарау ұзаққа созылып кететін. Ал қазіргі уақытта мұның барлығы да оңтайланды. Бағдарламадағы «Сотсыз татуласу орталығының» басты мақсаты – араздасқан екі жақты мәмілеге әкелу, ортақ бітімге келтіру.

Сот жүйесінің көп сатылығы жойылды, судьялардың кадрлық іріктеу жүйесі жаңғыртылды, судьялар әдібінің жаңа кодексі қабылданып, тараптарды бітістіру рәсімдері мен дауларды соттан тыс реттеу тетіктерін жетілдіру қолға алынды, сот жүктемесі азайтылды, сот актілерін ұғынықты тілде түсіндіру тәжірибесі енгізілді, жаңа электрондық сервисістер мен жобалар іске қосылды, сот жүйесінің материалдық базасы нығайтылды, өңірлерде фронт кеңселер ашылды. Бұл батыл қадамдар мен сан-салалы жұмыстар сот жүйесін белсенді дамытудың жаңа қырын қалыптастырып, судьялардың жұмысына тың серпін бергені анық.

Тағы бір айта кететін жайт, 2019 жылдың 03 ақпанында заңды күшіне енген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәніш құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы күшіне енді. Бұл Заңмен 42 заңнамалық актіге, оның ішінде 11 кодексіке мәніш құқығын қорғауды күшейтуге, төрелікті дамытуға, сот жүктемесін оңтайландыруға және экономикалық қылмыстарды ізгілендіруге бағытталған түзетулер енгізілді. Заңнама негізінде жалпы түзетулердің бес тобын қарастырды. Осының ішіндегі түзетулердің екініші тобындағы заңнаманы халықаралық актілердің ережелеріне сәйкес одан әрі келтіру ұсынылатын «Төрелік туралы» Заңды қолдану практикасында бар проблемаларды шешуге бағытталған. Атап айтқанда, мемлекеттік органның не квазисектор субъектілерінің қатысуымен дауларды төрелік қарау кезінде шешетін құқықты қолдану мүмкіндігі берілді. Сондай-ақ, заң төрелік шешімді орындаудан бас тартудың негізі төрелік құрамының заң талаптарына сәйкес келмеуі ғана емес, сондай-ақ осы құрамын тараптардың келісіміне сәйкес келмеуі болып табылатындығы туралы нормамен толықтырылады.

Осылайша облыстық сот жүйесі құқықтық мемлекеттің қажеттілігіне және заман талабына сәйкес үздіксіз жетілдіріліп келеді. Соттар заманмын заманауи жетістіктеріне қол жеткізді. Соттарға енгізілген жаңа технологиялар сот ашықтығының көпінше айналынды.

Асылхан МИЗАНБАЕВ,  
Жалағаш аудандық  
сотының төрағасы

Сақтансаң, сақтайды

## Балық пен аң аулауда абай болыңыз

Көп немесе өзен жағалауынан балық аулауға кірісер алдында таңдалған жерді мұқият қарап, оның қауіпсіздік дәрежесін анықтау қажет. Ең алдымен жағадан үшкір тастарды, тікенекті бұтақтарды және басқа да қауіп келтіруі мүмкін заттарды алып тастаңыз. Содан кейін балық аулауға арналған құралдарды орын-орнына қойып, қармақпен балық аулағанда кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз.

Қоралынған және тік жағалаулардың жанында ерекше сақ болу керек. Сазды жағалаулар әсіресе жаңбырдан кейін тайғақ болады, сол себепті тайғанал, суға түсіп кетуіңіз мүмкін.

Егер сіз қайықтан балық аулауды дұрыс көрсеніз, ең бастысы жүзе білгеніңіз дұрыс. Бұл іс-әрекет сізге өзіндік сақтап қалуға, тіпті ең қиын күтпеген жағдайларда досыңызды құтқаруға көмектеседі.

Су айдынына шығар алдында қайықтың жай-күйін мұқият тексеріп, ескерткі ақаусыз екеніне көз жеткізіңіз. Балық аулауға арналған құралдарды қайықтың жанына салыңыз, ал басқа заттарды (кіім, сөмке, дорба) қайықтың мұрын жағына және орындықтың астына орналастырыңыз. Міндетті түрде қайықта құтқару

шөңбері немесе құтқару кеудешесі және су жинауға арналған шелек немесе басқа да ыдыстар болуы керек.

Аңшылық тек арнайы рұқсат құжаттары бар шаруашылықтардың аумағында жүргізілуі тиіс. Әрбір аңшының аң аулау ережесін, өрт қауіпсіздігін қатаң сақтауы қажеттігін естеріңізге саламыз.

Суда жүзетін құстар мен су маңы жануарларының өзгеше мінез-құлқы танытуы немесе жалпай қырылуы байқалса, бірден қорық қызметіне болмаса аудандық, облыстық аңшылық шаруашылығына шұғыл түрде хабарлау қажет. Өйткені қоршаған ортаны қорғау – әркімнің азаматтық борышы.

Аң аулау рұқсат қағазды аңшылық шаруашылықтары береді және өзге ша-



руашылықтардың аумағына кіруге немесе мерзімі аяқталған жолдамалар аңшылыққа шығуға, құжатты өзге тұлғаларға беруге тыйым салынады.

Тағы бір ескерте кететін жайт, тұяқты жануарларды аулау шыққан кезде аңшылық, шаруашылық қорықшысымен бірге

жүру міндетті. Аң аулау тәртібі туралы ақпаратты аңшылар қоғамынан және аңшылық шаруашылықтарынан алуға болады.

Аудандық төтенше  
жағдайлар бөлімі

## Көз алдымнан кетпейді-ау асыл бейнең

Ғалым да, шахтер да бас иетің,  
Ұстазым, бар сенің қасиетің.  
Білім берген, ой берген, ақыл берген,  
Көз алдымнан кетпейді-ау асыл бейнең.

Бір ғана шумаққа ұлағатты ұстаз болмысын сыйғыза салған ақынның шеберлігіне қайран қаламыз. Оқу жылының соңында осы әнді түлктер шырқап жатқанда бастауыш сыныпта сабақ берген Тәжікүл апайымыз еске түседі. Біздің болашағымызға еңбек еткен ұстазымыздың алдындағы парызымызды есте өтей алмаймыз. Бірақ ол кісіге деген құрметіміз жоғары болды және бола да береді. Ардагер ұстаз 80 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

Тәжікүл Тәліпова 1927 жылы дүниеге келген. Еңбек жолын 1948 жылдан бастаған ол №116 мектептің бастауыш сынып мұғалімі болып, өмірінің соңына дейін ұстаздық қызмет атқарды. Саналы ғұмырын білім саласына сарп еткен аяулы ұстаздың бейнесі қатерлерінің қолында мәңгі сақталды.

Ол осында уақытта аудан әкімінің, облыс әкімінің, министрліктің алғыс хаттарымен, «Құрмет» грамоталарымен марапатталды. Бізге енгені өмірімен ұлп болды. Ең алғаш мектеп табалдырығын аттағанда білім нәрімен сусындатқан ұстазымызды сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштаймыз. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын, аяулы ұстаз.

Еске алушылар  
№116 мектептің 1983 жылғы түлектері



## Жайсаң жан еді

Ел үшін елеулі қызмет жасап, азаматтығымен мәңгілік есте қалатын Рашид Боранбаевтың орны ерекше еді. Ардақты досымыздан қапыда айырылып қаламыз деп кім ойлаған? Сыныптасымыз жайында өткен шақпен естеліктер айту бізге де оңай емес. Бірақ тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасқа шара жоқ.

Рашид Жақсылықұлы 1965 жылы 16 қарашада Жалағаш ауданы Ақсу ауылында дүниеге келген. 1973 жылы №116 орта мектептің табалдырығын аттап, 1983 жылы тәмамдады. Кейін ауыл шаруашылығы саласында қажырлы еңбек еткен ол 1986 жылы Алматы қаласындағы мал дәрігерлік институтына оқуға түсіп, 1991 жылы зоотехник мамандығын алды. 1991 жылы Ақсу ауылына комсогт болып жұмысқа түрді. 1992 жылы №2 фермасына зоотехник болды. 1998 жылы басқарушының орынбасары қызметіне ауысты. 2003-2006 жылдары Ақсу ауылдық округінің әкімі болып қызмет атқарды. 2006 жылы Жалағаш кенті әкімінің орынбасары болып тағайындалды. 2007 жылы «Сәрке Батыр» ЖШС-ның мал шаруашылығы бойынша бас маманы қызметіне ауысты. 2014 жылы серіктестіктің меңедері болды. 2009 жылы ҚР Ауыл шаруашылық Министрінің «Құрмет» грамотасымен, 2011 жылы «Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы» медалімен марапатталды. Отбасында жұбайы Меруерт екеуі бір үл екі қыз тәрбиелеп өсірді.

Ақсу ауылының әкімі болған жылдары халыққа адал қызмет етуімен ауыл халқының есінде қалды. Аппал азамат 2021 жылы дүниеден өтті. Үлкен жүректі, елі үшін қажырлы еңбек еткен азаматтың асыл бейнесі сыныптастарының жүрегінде мәңгі сақталады. Жаның жәннатта, иманың жолдас болсын, асыл дос.

Еске алушылар №116 мектептің 1983 жылғы түлектері



## Жатқан жерің жайлы болсын, сыныптас

Құлын тайдай бірге ойынаған, бірге оқып, бірге жүрген досыңнан қапыда айырылу ауыр соққы екен. Досымыз Мәмбетов Күмісбек Дүйсенұлы 2019 жылдың 28 наурыз күні қайтпас сапарға аттанды. Айналырған ауру досымызды 2-3 айдың ішінде небары 54 жасында алып тынды. Тағдырдың пешенесіне жазған ғұмыры сол шығар. Бізде басқа салған сынаққа сабыр қылып, сыныптасымыздың рухына құран бағыштаудан басқа қолдан келер шара жоқ. Бірақ Күмісбек жайында мұңайып естеліктер айту жанымызға батады.

Ол 1965 жылы 19 тамызда Ақсу ауылында дүниеге келіп, №116 мектепті 1983 жылы бітірді. 1984-1986 жылдары Отан алдындағы борышын өтеді. 1986 жылдан бастап еңбекке араласып, құрылыс саласында ұзақ жылдар жұмыс атқарды.

Ауылда Күмісбектің қолы тимеген құрылыс нысаны жоқ десек, қате болмайтын шығар. Қамшының сабындай қысқа өмірде қарамен сыйласып, еңбекке ерте араласқан ол жары Гүлсара екеуі 3 ұл тәрбиелеп өсірді. Солардың қызығын көрер шағында сұм ажал құрығына іліктірді, немере қызығына да тоя алмады. Досымыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын, сенің жарқын бейнең біздің жадымызда мәңгі сақталады.

Бұл өмірдің жалғандығын кім ұқпас, Барлық досың сені мәңгі ұмытпас. Өміріңмен өнеге едің жастарға, Жатқан жерің жайлы болсын, сыныптас.

Еске алушылар  
№116 мектептің 1983 жылғы түлектері



## Жұмақ болсын мәңгі мекен өзіңе

Біз Бақыт Наршаевпен бір сыны



Кездесу

## Қоңыр дәптерге қонған қоңыр әңгіме

– ТАЛАЙ ДАСТАРХАН БАСЫНДА АЙТЫЛЫП, АУЫЗДАН-АУЫЗҒА АҢЫЗДАЙ ТАРАЛҒАН ОСЫ БІР ӘҢГІМЕНІ ҚАЗАҒА ТҮСІРУДІҢ СӘТІ ТҮСПЕЙ-АҚ ҚОЙҒАН. СІЗГЕ ӨТІРІК, БІЗГЕ ШЫН, «ЖАЗАМЫН» ДЕП ОҚТАЛҒАЛЫ ҮШ-ТӨРТ ЖЫЛДЫҢ ЖҮЗІ БОЛЫПТЫ. ҚАНШАМА РЕТ БАПТАЛЫП ОТЫРЫП БАСТАМАҚ БОЛҒАМ, НЕГЕ ЕКЕНІН ҚАЙДАМ, КӨКЕЙДЕГІ КӨРКЕМ ӘҢГІМЕ АҚ ҚАЗАЗ КӨРСЕ, АТТАЙ ҮРКІП АЛА ҚАШАДЫ. ОДАН КЕЙІН МАҢЫНА ЖУЫТПАЙДЫ. ҚҰЛАҒЫНА ҚОЛ АПАРТПАЙ ОСҚЫРЫНЫП, ОДЫРАЙЫП. АЛ ЕНДІ ҚАЗАЗ-ҚАЛАМЫНДЫ ТАСТАП ҚҰР ҚОЛ, ҚАРАЖАЯУ ЖАҚЫНДАСАҢ, БАСЫН ШҰЛҒИ АЯНДАП, ОҚЫРАНЫП ҚОЛҒА ТҰРА ҚАЛАДЫ. СӨЙТП, ЖАЛЫНАН СИПАП, ЖАЙДАҚ МІНІП ДЕГЕНДЕЙ, БІРАЗ ЖЕРДЕ ТЫНДАҒАННЫҢ ҚҰЛАҚ ҚҰРЫШЫ ҚАНЫП ЕДІ. ТІПТІ ҚАЗАҚЫ ӘҢГІМЕГЕ ЖАНЫ ҚҰМАР КЕЙ АҒАЛАР ІЗДЕП КЕЛІП АРНАЙЫ ТЫНДАҒАНЫН ДА АЙТА КЕТСЕМ АРТЫҚ БОЛМАС, – ДЕП БАСТАДЫ СӨЗІН ҚОҢЫР ӘҢГІМЕНІҢ БАСТЫ ҚОНАҒЫ.



Бұл – Ұлекеңнің «Қар суымен жеткен жылқы» атты қоңыр әңгімесі еді. Әңгіме айтыла басталғаннан мәдениет үйінде тыныштық орнады. Тек Ұлекеңнің қоңыр үні құлаққа жетуде. Әңгіме Қытай мен Моңғолия шекарысында тұрақтаған қазақ ауылының тынысын толықтай ашуда. Құр сөз емес, қойылым көріп отырғандай күй көшесін. Екі көйпек арқылы бүткіл иісі қазақтың ашық-жарқын болмысы, кіршіксіз таза көңілі, тектілігі, жасыратыны жоқ, бүгінде әрбір қазақтың бойынан жоғалып бара жатқан асыл қасиеттері керемет ашылып айтылуда.

Ұлекең бұл оқиғаны ұмытып та кетіпті. Мүлде жадынан өшіп кетпесе де, айтылмаған соң шап басқан көп әңгіменің бірі секілді болып мидың қалтарыс бір қатпарларында қатталып қала берген екен. Әрине тыңдайтын құлақ болса, сөз ешқашанда жетім қалмайтыны белгілі ғой.

– Қайбір жылы Астана көшелерінің әлдебір қиылысында үйдей-үйдей өңкіген екі «Джип» машинасы бір-бірін сүйкеп кеткендей болды. Қаражолдың қағын көшіре ышқынып барып, екеуі де кілт тоқтады. Екеуінен де өңгезердей екі жігіт түсті. Орысша боктасып, кеуделесе кетті. Сеңдей сіресіп тұрып қалған көліктердің терезесінен мойындарын соза қарап, бажылдата сигнал басып тағатсызданған жұрт. Жер-дүниені шұлатып өнтіге жеткен қызметкерлер айналасынан көліктер өтетін жол шығарғаннан кейін қағаз-қалам, түрлі құралдарын алып шығып, қоршап, өлшеп екі машинаның қалай соғылып, не зардап болғанын тексеруге кірісті. Жол шетінде біреуді күтіп тұрған адам ақыры алдында болып жатқан оқиғаға назарын салмай тұра ма? Әдейі үңіліп қарадым. Сөйтсем, Құдай-ау, сіріңке тартқандай болар-болмас із түсіпті жаңағы ит түскен аппақ «Джипке». Болар-болмас, көрінер-көрінбес із. Сонда ауыр күрсінгенім есімде. Сонда миымның терең бір қалтарыс қатпарларында қалып қойған Жұмақын құдағын әңгімесі ғайыптан жеткен хабардай ойыма орала кетіп еді. Сонда тас қаланың тар көшесінде тұрып, сонау а-а-у басы мұз, бауыры балқаш қарт Алтайдың алып шың, айыржал жоталарын аңсап едім, – деп еске алды әңгіменің авторы.

Иә, жексенбіде аудандық мәдениет үйінде ұлттық болмысымыз ұлықталып, баба дәстүрі дәріптелген «Қоңыр әңгіме» атты рухани көші өтті. Қоңыр әңгіменің басты қонағы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, ақын, жазушы, оқырман қауымның сұранысы бойынша бірнеше рет қайта басылған танымал танымдық кітаптардың авторы, қазақы әңгіме айту дәстүрін дәріптеуші Ұларбек Нұрғалымұлы болды.

– Аудандық өнер үйінде жыр оқып зерлі, Сыпырып тастап отырғам маңдайдан терді. «Қарындасыңмың, аға» деп жырылып топтаң, Жарқылдап жап-жас келіншек жаныма келді,

Жақынын тауып алғандай жайран күй кешіп, «Жүріңіз үйге!», – деп қоймай алдымды тосып. Ағалап тұрған келіншек, алдыңғы жылы, Арқаға келіп қоныпты Алтайдан көшіп, – деп өзінің 7 өлеңінен «Төркін» атты шығармасын оқыды. Сондай-ақ өзінің көпке таныс «Дайағашы» кітабынан үзінді айтып, жиналған қауымды әңгімесімен өзіне одан сайын ұйыта түсті.

Ұлекеңнің өлеңі де әңгімесі де көрерменнің жүрегінен орын тапқаны анық. Әрине мұндай рухани көш үшін 1-2 сағаттың азық ететіні белгілі. Десе де сол 1-2 сағаттың өзінде көш қонақтары бағасы жоқ рухани азық алды деп айта аламын.

Кеш соңында қазақтың дана дәстүрі мен кешегінің гибрат жолы жаңғыратын рухани кешке келген жалағаштықтар Ұларбек Нұрғалымұлына ризашылығын білдіріп, «Дайағашы» кітабын арнайы қолтаңбамен алып қалды.

Қай кезде де халық ақын, серілердің өнерін бағалап, таланты үшін құрмет көрсеткен. Жалағаштықтар да сол салттан жаңылмай, қадірлі қонақтың иығына шапан жауып, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Алиев аудан жұртшылығы атынан алғысын айтып, ақ батасын берді. Ал тағылымды шараның жүргізу тізгінін ұстаған жерлесіміз, «Алтын домбыраның» 3 мәрте жеңімпазы Мұхтар Ниязов рухани-танымдық шараның өтуіне қолдау білдірген аудан әкімі Асқарбек Есжановқа өз алғысын білдірді.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Бәрекелді!



## Ташкент төрінде атой салды

Өткен апта жекпе-жек десе ішкен асын жерге қоятын қазақстандық спорт жанкүйерлері үшін ерекше болды. Олай деуімнің себебі Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында бокстан ерлер арасында XXII әлем чемпионаты өтті. Жүлде қоры 5 млн доллардан асатын бәсекеге 104 мемлекеттен 640 спортшы жиналды. Соның ішінде 7 бірдей жаһан чемпионы да бар.

Иә, кіл мықтылар жиналған бокс додасында жерлестеріміз үшін де оңайға соқпады. Қазақстан бокс құрамасының бас бапкері Мырзағали Айтжановтың мәліметінше, қазақстандық боксшылар барлық 13 салмақта өнер көрсетеді. Кезекті әлем біріншілігіне құрама мықты дайын-дықпен аттанған. Боксшылардың барлығының бабы келіскен. Құрама капитаны Асланбек Шымбергенов пен Токио олимпиадасының қола жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаев та қатарда.

Әуесқой бокс біріншілігінің тартысты өткендігі соншалықты, әсіресе жерлестеріміздің әр жекпе-жегіне ерекше жанкүйер болып, теледидардан көз алмадық.

Әлем біріншілігінің алғашқы кезеңдерінде қазақ боксшылары өте жақсы өнер көрсетті. Әрине, жарыс болған соң жеңіс те, жеңілісте болады. Әкініштісі, біріншіліктің фавориті атанған Сәкен Бибосынов бірінші кезеңнен сүрініп, жарыстан шығып қалды. Ал қызылордалық Қамшыбек Қоңқабаев өзбек елінің мақтанышы Баһодур Жалоловқа тағы есе жіберді. Иә, спортсүйер қауым үшін финалға дейінгі кезең көптеген тартысты жекпе-жектермен есте қалды. Осы ретте алтын үшін таласқа түскен финалдық жекпе-жектерге көңілен тоқталсақ...

Финалдардың алғашқы күні Ұлт-

тық құрамадағы ең жеңіл спортыш Санжар Ташкенбай топ жарып, чемпион атанған ең жас қазақ боксшысына айналды. Финалда Грузия елінің боксшы Сахила Алахвердовимен күш сынасты. Жекпе-жек Санжар үшін маңызды болғанымен, қиынға соқпаған секілді. Өйткені қарсыласын 5:0 есебімен ойсырата ұтты. Санжар өткен жылы да жастар арасында әлем чемпионы атанған болатын. Ал одан кейін шаршы алаңға шыққан Дулат Бекбауов 67 келі салмақта қарсыласына жол беріп, күміс медальға қол жеткізді.

Алдыңғы әлем чемпионатының 54 келі салмақтағы күміс жүлдегері Махмұд Сабырхан ақтық кезеңге дейін Куба, Гана, Үндістан мен Мажарстаннан келген қарсыластарын ойсырата ұтып келді. Осылайша финалда ринг қожайыны Ойбек Джураевпен жекпе-жекке шықты. Махмұттың өткен финалдағы кәтеліктерінен сабақ алғандығы көрініп тұрды. Десе де екі боксшы да бар шеберлігін паш етті. Мұны қапталдағы төрешілер де мойындады. Тіпті, 21 жастағы боксшымыз 3 раундта қырғыз төрешісіне 2 мәрте ноқдаун тіркетті. Жекпе-жек қорытындысы бойынша Махмұд Сабырхан Қазақ еліне алтын жүлде сыйлады. Айта кетейік, Махмұд 2 жыл бұрынғы Белградтағы әлем чемпионатында күміс жүлдеге ие болған еді.

Спорт



## Жерлестер топ жарған турнир

Өткен аптада аудан жұртшылығы 3 күн бойы былғары қолғап додасының куәсі болды. Жұдырықтасу десе дерекбесі қозатын халықтың аузында «Кім жеңеді екен», «Пәленшенің баласы мықты», «Жекпе-жек тартысты болды» деген спорт төңірегіндегі сөздер өріп жүрді. Медицина саласының үздік дәрігері, КСРО-ның құрметті доноры, «Шапағат» мерекелік медальдарының иегері Ақназар Бектасовты еске алуға арналған ашық турнирдің жоғары деңгейде өткендігін осыдан-ақ пайымдауға болатын секілді.

Турнирге Ақтөбе, Өскемен, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан және де Өзбекстан елінен 2007-2008 және 2010-2011 жылғы туылған жасөспірімдерден құралған командадан келіп, жалпы 153 боксшы бақ сынады. Бір қызығы аудандағы бокстан аға-жаттықтырушы Нұрлан Есжановтың айтуынша, еліміздің әр аймағынан, тіпті көрші Қырғызстан, Тәжікстан мемлекеттерінен ашық біріншілікке қатысуға ниет білдірген спортшылар қатары көп болған.

Мамырдың 10-ы күні турнирдің ашылу салтанаты өтті. Ашылу салтанатында тау тұлға Ақназар Бектасұлының еңегелі өмір жолын өңіріміздің азаматтары мен көзін көрген ақсақалдары бір сәт еске алып, спортшыларға тартысты додада сәттілік тіледі.

Бірінші күннен бастап жарысты тамашалауға келген спортсүйер қауымның қарасы қалың болды. Бірі баласын, бірі немересін, бірі інісін додаға қосқан жалағаштық жанкүйерлер таң атқаннан кеш батқанға дейін тапжылмай турнирді тамашалады. Заңдылық десек те болар, мұндай қолдауды көрген қызуқанды спортшылар да шаршы алаңда барын салды, сонысымен жарыс тартысты өтті. «Чемпион боламын» деген мақсатпен келген жасөспірімдердің бір-біріне жеңісті оңай-

лықпен бермейтінін алғашқы күннен-ақ байқадық.

Бірінші күні турнирдің 1/8 кезеңі өтсе, ертеңіне 1/4 және жартылай финалдық кезеңіне жалғасты. Екінші күннің жекпе-жектерінде спортшылар жан алыспай, беріспеді. Жанкүйерлердің күткені де осы болды, өйткені боксшыларды енді бір атта са, алда финалдық кезең күтіп тұрды, яғни жүлдеге іліктің деген сөз. Сөйтіп 2 күн ішінде ақтық кезеңгі кіл мықтылар іріктеліп шықты. Алғашты кезеңдерде Жалағаштың боксшылары жарады. Ақтық кезеңге ауданымыздан 10 боксшы өтті, осылайша жергілікті жанкүйерлер үшін турнирдің маңыздылығы одан бетер арта түсті.

Сенбі күні көптен күткен финалдық кезең де басталды. Жарыс өтіп жатқан кешенің іші боксты тамашалауға келген халыққа толған. «Баласы атқа қонса, анасы үйде отырып, тақымын қысады» демекші, көрермен ретінде финалға анасы келмесе де, көрші-көлем, ағайын-туыс бәрі осында жиналған. Тапқылайтын бір ғана тақырып, ол – бокс.

Кешке дейін созылған бокс мейрамында спортшылар өзара мықтыны анықтады. Әрине, шын жүйрікті анықтау оңай болған жоқ, боксшылардың барын салары анық. Бірінің бабы жанса, бірінің бағы жанған финалдық

кезең де кешкітурым өз мәресіне жетті. Ақтық кезеңнің қорытындысы бойынша жалағаштық 7 боксшы жүлдеге ілігіп, таңнан жүрген жанкүйерлердің мерейін бір үстем етті.

Жалағаштық чемпиондарға нақтырақ тоқталсақ, 32 келі салмақта 1 орынды жалағаштық боксшы Шахмардан Бисенов иеленсе, 34 келі салмақта Қалдан Нұрмұхамед алтыннан алқа тақты. Ал 57 келі салмақта жалағаштық Ернияз Мұратұлы, 70 келі салмақта Бейбарыс Танатарұлы жеңіс туғырынан көрініп, чемпион атанды. Сонымен қатар жерлестеріміз Нұрсұлтан Нұрадин, Сәндібек Парасат, Аманжол Қасым жүлделі орындардан көрініп, жанкүйерлерді бір қуантты.

Көрші Өзбек елінің жас боксшылары да осал емес екен. Өзге мемлекетке жұдырықтасуға келіп тұрған жасөспірімдердің көзінен я қорқыныш, я тартыну байқалмады. Бала болса да мұндай жігерлік көрсеткен қонақтарға жергілікті жанкүйерлер де дән риза болды. Жарыс қорытындысы бойынша Өзбек боксшылары 1 алтын, 1 күміске ие болса, Асатбек Нарұзов ең үздік боксшы атағын алды. Сондай-ақ турнирдің ең үздік боксшы атағын боксшы Ақназар Бектасовтың Ақназаров пен спорт интернатының түлегі Нұрсат Тынысбеков та иемденді. Үздік был-

– Бокстан Әлем чемпионатының финалдық жекпе-жектерін зор қызығушылықпен тамашаладым. Жеңіске деген ерік-жігер мен шынайы патриотизмнің жарқын үлгісін көрсеткен боксшыларымыз Санжар Тәшкенбай, Махмұд Сабырхан, Асланбек Шымбергенов және Нұрбек Оралбайды шын жүректен құттықтаймын! Қазақтың төрт жігіті – Әлем чемпионы, – деп жазылған Президенттің Twitter-дегі парақшасында.

Жалпы, Қазақстан 1993 жылдан бері егемен ел ретінде 16 рет әлем чемпионатына былғары қолғап шеберлерін жіберді. Қазір еңшімізде 18 алтын, 16 күміс, 22 қола жүлде бар. Осының арқасында жалпы Әлем чемпионаты тарихындағы медаль есебінде Қазақстан АҚШ-ты басып озып, 3 орынға көтерілді. Бірінші орынға Куба, екінші орынға Ресей жайғасқан.

Айта кетейік, әлем чемпиондары Халықаралық бокс қауымдастығынан 200 мың АҚШ долларынан сыйақы алды. Күміс жүлдегерлерге 100 мың, қола жүлдегерлердің әрқайсысына 50 мың АҚШ доллары берілді.

Қазақстан бокс федерациясының Президенті Кеңес Рақышев осы нәтижеге үлес қосқан Мырзағали Айтжанов бастаған бапкерлер қосынын, боксшыларды, дәрігерлерді, ғылыми топтың мамандарын өз есебінен марапаттайтынын жеткізді.

Бұл ретте чемпион атанған Ұлттық құрама боксшыларына сыйақы ретінде 100 мың АҚШ долларынан табысталады.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

ғары қолғап шеберлеріне ерекше белбеу сыйлығы табысталды.

– Жарыс оңай болған жоқ. Қарсыластарымның барлығы мықты, осалы көрінбеді. Ақтық кезеңге дейін сенімді жұдырықтастым деп айта аламын. Бірақ финалда жұдырықтасты қиынға соқты. Өйткені қарсыласым ретінде жерлесім Бек Мұхамедары болды. Екеуіміз бір-біріміздің жұдырықтау тәсілдерімізді жақсы біліміз. Жекпе-жек тартысты өтті. Иә, бүгін менің бағым жанды, десе де қарсыласыма басымды иемін, әрине финалға шығу оңай емес. Жаттықтырушыма, жанкүйерлерге алғыс айтамын, – дейді жалағаштық чемпион Бейбарыс Танатарұлы.

Дүркіреген дода осылайша өте шықты. Ең бастысы турнирге келген қонақтар дән риза, келесі жылы міндетті түрде тағы да келетіндерін жеткізді. Ал Өзбекстан жаттықтырушысы мұндай жетістіктерді жасөспірімдер үшін үлкен тәжірибе берітінін айтты. Иә, Өзбек елінде бүгінде бокстан әлем чемпионаты өтіп жатыр. Сол жарысты тамашалаудың орнына Өзбек елінің жаттықтырушысы тәрбиеленушілерін осы турнирге алып келіпті. Міне, турнирдің жас өрөндер үшін маңыздылығын осыдан-ақ түсіне беруге болатын секілді. Осы ретте ел тізгінін ұстаған өңір азаматтары аталған турнирдің келесі жылы да жалғасын табатынына уәдесін берді. Жарыс соңында аудандық емхана бөлімінен Ақназар Бектасұлының атынан ұйымдастырудың басшысында жүрген аудандық боксшілеріне бағалы смарт теледидар тарту етілді.

Жандос ЖАЗКЕН

Меншік иесі:

**СЫР МЕДИА**

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**

Жалағаш аудандық  
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор  
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар:

**Бас директор - 8(7242) 70-00-36**

**Бас редактор - 32-0-41**

**Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

*Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.*

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 766